

## Әдістемелік кеңес ХАТТАМАСЫ №2

Откізілген уақыты: 29 қазан 2025 жыл

Катысқандар: барлық педагогтер

Тақырыбы: Ұлттық құндылықтарды бала бойына сінірудің маңызы

Күн тәртібі:

- №1 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуын талқылау
- Баяндама: «Ұлттық құндылықтарды бала бойына сінірудің маңызы».
- Ашық ұйымдастырылған ойын қызметінің кестесін құру.

Тындалды:

- Әдіскер Хуат С. Сөз алыш №1 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалғанын айтЫП өтті. Педагогтер құжаттарды уақытылы тапсырып, жаңа өзгерістерді жұмыс барысына қолданып, педагогтердің түсінбеген жерлеріне көмек көрсетілді.
- Педагог Вашкеба Е.Н. екінші сұрақ бойынша сөз алыш Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиенің маңыздылығын атап өтті. Ұлттың ұлы болашағы – оның жас үрпағының санасы мен жүргегінде ұялайтын ұлттық құндылықтарда жатыр. Бұгінгі баланың бойына ұлттық салт-дәстүрлерді, тіл мен ділді, рухани мұраларды дарыту – тәрбиешінің ең басты міндегі. Ұлттық құндылық дегеніміз не? Сұрағы бойынша педагогтермен сұрақ-жауап жүргізді.
- Әдіскер Хуат С. ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттер арқылы ұлттық ойындар мен дәстүрлердің тиімді енгізілгені талданды. Педагогтердің өткізетін ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін талдап, талқылап. Өткізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттерге байланысты көрнекіліктер дайындалап, балалардың жас ерекшеліктерін бейланысты тапсырмалар мен ойындар ойнату.

Шешімі:

Барлық педагогтар ұлттық мазмұндағы әдістемелік құралдарды кеңінен пайдалансын. Ұлттық құндылықтарды күнделікті іс-әрекеттерге енгізу жалғассын. Әр топта ұлттық бұрыш ұйымдастырылсын (ақпан айына дейін). Тәрбиешілер ұсынған ұлттық мазмұндағы іс-шаралар жоспары бекітілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы

Әдістемелік кеңес хатшысы



Демеуова Ж.

Хуат С.

## **Баяндама: «Ұлттық құндылықтарды бала бойына сіздердің маңызы»**

Ұлттық құндылықтар – бұл ұлттың өмір салтына, тарихына, мәдениетіне, рухани мұрасына негізделген моральдық-этикалық, тәрбиелік ұғымдар жынытыры. Олар: тіл, дәстүр, салт, ән-күй, ұлттық ойындар, қолөнер, ертегілер, мақал-мәтелдер, отансүйгіштік және ұлкенге құрмет, кішіге ізет.

Мектепке дейінгі жаста ұлттық тәрбие берудің маңызы:

Баланың алғашқы қоғамдық ортасы – балабақша. Осы кезеңде берілген тәрбие өмірлік негіз қалыптастырады. Ұлттық дүниетаным бала бойына сінсе:

- туған тілге деген сүйіспеншілік артады,
- салт-дәстүрлерге құрмет қалыптасады,
- өзін қазақ халқының ұрпағы ретінде тануға жол ашады.

Тәрбиелік жұмыс түрлері:

Балабақшада ұлттық құндылықтарды дарыту төмендегідей бағыттарда жүзеге асады:

Ұлттық ойындар: «Асық ату», «Тоғызқұмалак», «Арқан тартыс» арқылы қимыл белсенділігі мен ұйымшылдық дамиды.

Салт-дәстүрлерге арналған тақырыптық сабактар: Тұсаукесер, тұсау кесу, Наурыз мейрамы.

Музыкалық және шығармашылық іс-шаралар: Домбыра күні, ұлттық киім күні, ертегі кейіпкерлерін сахналау.

Ұлттық тілде сөйлеу ортасын құру: Қазақ тілінде ертегілер оқу, мақал-мәтел үйрету, ұлттық терминдерді қолдану.

Ұлттық құндылықтарды бала бойына сініру – ұлт болашағына салынған алтын көпір. Бұл бағытта жұмыс жүйелі әрі мазмұнды жүргізілген жағдайда балада отансүйгіштік, рухани байлық, адамгершілік қасиеттер қалыптасады. Тәрбиешілер мен ата-аналар бірігіп, бала жүрегіне ұлттық рух пен мақтаныш сезімін сініре білсе, ертеңгі елдің еңсесі биік болмақ.